

«Болашақ» мектебі мекемесінің 2022-2023 оқу жылында жасаған тәрбие жұмысының жылдық есебі

Әдістемелік нұсқау хатын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынып құрылған. Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарлары 2021-2022 ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығын, 2022-2023 Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығын басшылыққа алып құрған.

Мектеп кешенді тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда және бағдарламада белгіленген тәрбие мақсаттары мен қойылған міндеттерді орындау мақсатында Тәрбие тұжырымдамасының 8 бағыты негізінде жұмыс жасады.

2022-2023 оқу жылы бойынша атқарылған тәрбие жұмыстары.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс. *Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:*

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169 -VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың

тұжырымдамалық негіздері.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады.

Тәрбие Тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін алға қойған мақсатымыз: Халықтың тәрбие тағылымын игерген, рухани бай, өрісі жоғары, білімді, салауатты өмірдің өзі үшін, қоғам үшін қажеттілігін сезінетін, қайырымды, өмірден өз орнын таба білетін, ел болашағын ойлайтын тұлға қалыптастыру.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

«Болашақ» мектебі мекемесінде 2022-2023 оқу жылының басталуы 1 сыныптарда әліппе оқулығының енгізілуімен ерекшеленіп, 1-қыркүйек білім күні ашық аспан астында 1-сынып оқушыларына салтанатты сап түзеуде әліппе оқулығы табысталса, сонымен қатар **«Кел, балалалар оқылық!»** атты бірыңғай соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізіліп, қорытындысы бойынша есеп әлеуметтік желілерге салынды.

Қараша, желтоқсан айларында 1 желтоқсан Президент күні 16 желтоқсан «Тәуелсіздік күніне орай арнайы жоспар құрылып, сыныптарда бірыңғай **«Елбасының көшбасшылық сабақтары»**, **«Тәуелсіздік жетістіктері»** атты сынып сағаттары, тәуелсіздік жылдары енбек еткен ақын, халықаралық айтыстардың жеңімпазы, әлеуметтік ғылымдар жеңімпазы Байтуов Біржан Ғаниұлымен **«Тәуелсіздік жастары Нұрлы жолды қолдайды»** атты кездесу кеші өткізілді.

Жасөспірімнің жан-жақты дамуын камтамасыз ететін факторлардың бірі - құқықтық тәрбиенің маңызы зор. «Болашақ» мектебінде құқықтық білім беру, құқықтық міндет қалыптастыру, құқықтық мәдениетке тәрбие беру жұмыстары үнемі жүргізіліп отырды. Мектепте құқықтық тәрбие және тәртіп бұзушылықтың алдын-алу жұмыс жоспары құрылып, оқушылардың мектептегі ішкі тәртіп ережелері сынып сағаттарында таныстырылды.

<https://www.instagram.com/reel/Ch-MH6jDEhB/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>
<https://www.instagram.com/reel/CmMfJejDaSl/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

2. Рухани - адамгершілік тәрбие

Ұстаздар күні мерекесіне орай 27 қыркүйек -1 қазан аралығында **«Ұстаз деген жарық күні ғаламның»** атты мерекелік апталық болып өтті. Мерекелік апталық барысында оқушыларымыздың мұғалімдеріне құрметін, сыйластықтарын арттыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып жоспар бойынша шаралар өткізілді.

27 қыркүйек -1 қазан аралығында **«Қарты бар ел-казыналы ел»** атты апталық шара жоспарланып сап түзеуде жоспар таныстырылып, жұмыстар жүргізілді. **«Мейрімділік-адамның барлық адамгершілік ниетінің негізі»** тақырыбында қайырымдылық айлығы өткізілді. Қантар-ақпан айлары **«Қамқорлық»** айлығы өткізілді. Наурыз айында 1-наурыз Алғыс айту күніне орай **«Алғыс бұл...»** атты сынып сағаттары өткізілді. Сәуір айында 1-мамыр Ынтымақ мерекесіне орай **«Достық көмекпен мықты»** атты

бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CjXdogXjHK0/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>
<https://www.instagram.com/reel/Cj4SXeaId5L/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>
<https://www.instagram.com/reel/CleUprpjhEL/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>
<https://www.instagram.com/reel/CqqNXN0uMaq/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

3. Ұлттық тәрбие

Отбасылық тәрбие бойынша қыркүйек айында сыныптар бойынша сыныптардың әлеуметтік паспорты жасақталды. Отбасы күніне орай **«Отбасы-бақыт мекені»** тақырыбы аясында апталық іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

13 қыркүйекте 1-9 сынып оқушыларына **«Отбасы-бақыт мекенім»** атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Апталық жұмыстар қорытындыланып жеңімпаздар дипломдармен марапатталса, белсене қатысқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталды.

23-29 қыркүйек аралығында 0-9 сынып ата-аналар жиналысы өткізіліп, әр сынып бойынша ата-аналар комитеті сайланды. Бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін көтеру **«Құндылықтарға негізделген білім беру»** бағдарламасы аясында мектебімізде «Бала тәрбиесіндегі ата аналар жауапкершілігін арттыру» атты ата-аналар жиналысы өткізіліп, күн тәртібінде **«Зорлық-зомбылықтың алдын алу»**, **«Жыныстық колсұғушылықпен ерте жүктілікті болдырмау»**, **«Құқықбұзушылықтың алдын алу»** тақырыптарында кеңестер берілді.

Наурыз мерекесін тойлауда бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін көтеру мақсатында **«Құндылықтарға негізделген білім беру»** бағдарламасы аясында мектепте Наурыз мерекесіне орай, ұлттық ойындарды, ұлттық тағамдарды насихаттау, бата беріп, салт-дәстүрлермен ырым- тыйымдардың мән мағынасын ұғындыру мақсатында мерекелік шаралар ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/Csh97AKgwx/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>
<https://www.instagram.com/reel/CsRJhMCtR5w/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

4. Отбасылық тәрбие

Ұлттық тәрбие бойынша ҚР халқының **«Тілдері күні»** мерекесіне орай **«Туған тілім таусылмайтын бұлағым»** тақырыбы аясында онкүндік іс шаралар жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

1-желтоқсан **«Тұңғыш президент»** күніне орай бірыңғай **«Елін сүйген - Елбасы»** атты сынып сағаттары. Елбасының өмірбаяны, еңбек жолындағы өсу жолдары, қазақ еліне сіңірген ерең еңбегі туралы жан-жақты мағұлмат берілді.

Діни экстримизмнің алдын алу бойынша 9- сыныптарда Дінтану пәні мұғалімі З.Бектөре видеороликтер көрсетіп, түсінік жұмыстарын жүргізді. Наурыз айында қыздарымызға ұлттық тәрбие беру мақсатында **«Тату үйдің тамағы тәтті»**, **«Ұлттық киім ұрпаққа мұра»**, **«Ұмыт болған тағамдар»** атты жанға мен кайынсіңлі сайыстары өткізілді. Мамыр айында тарих пәні мұғалімі З.Бектөре 9-сынып оқушыларына 31-мамыр Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай **«Тарихтан тағылым-өткенге**

тағзым» атты тәрбие сағатын ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/reel/CjI6F-qjqX_/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==

<https://www.instagram.com/reel/CsQgVEotPZ0/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

27 қыркүйек дүниежүзілік Туризм күніне орай «Туризм-2022» жорығы ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы география пәні мұғалімі К.Арыстанова.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша еңбек күніне арналған 1-4 сыныптарда «**Еңбек түбі береке**», 5-7 сыныптарда «**Еңбек бәрін де жеңбек**», 8-9 сыныптарда «**Әлемнің әміршісі еңбек**» атты сынып сағаттары өткізілді. 18-22 қазан аралығында «**Мерекелі, берекелі алтын күз!**» апталығы өткізілді. 18 қазан күні сап түзеуде апталықтың ашылуы болып, жұмыс жоспары таныстырылды. Дүйсенбі-жұма күндері аралығында 1-4 сыныптар арасында «**Күз бояуы**» көрмесі, 5-6 сыныптар арасында «**Көңілді көкөністер**», 7-8 сыныптар арасында «**Қалдықсыз өмір**» көрмелері ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылар өз шығармашылықтарынан суреттер салып, түрлі жапсыру әлістерімен күз бейнесін бейнелеп, жемістерден түрлі мүсіндер, керексіз материалдардан бұйымдар дайындап көрмеге белсене қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/CkuVzWEooOA/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

https://www.instagram.com/reel/CqmSY3cj_f0/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==

6. Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие

18-22 қазан аралығында «**Мерекелі, берекелі алтын күз!**» апталығы аясында 20-қазан күні 8-10 сыныптар арасында «**Аялы күз, алтын күз-2021**» сайысы өткізілді.

1-наурыз «**Алғыс айту күніне**» орай «**Алғыс айту парызым**» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізіліп, құттықтау хаттар бұрышы ұйымдастырылды. 8-наурыз Аналар мерекесіне орай тәрбие жоспарына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылып, талапқа сай өткізілді. Атап айтсақ: «**Қыздарға жарасады сұлу мінез**» 5-9 сынып қыздарына ауылымыздың ақ жаулықты әжелері ақыл кеңестерін айтып пікірлесті.

«**Ән жыр саған арналады ұстаз ана**» атты бірыңғай тәрбиелік шаралар барлық сыныптарда ұйымдастырылса, «**Әлемнің жарығын сыйладың сен маған**» атты мерекелік концерттік бағдарламаларын ұсынды. 22 наурыз Ұлыстын ұлы күніне орай жоспарлы шаралар уақытылы өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды. Мамыр айында

«**Сыңғырла соңғы қонырау-2022**» атты соңғы қоңырау шарасы өткізіліп, «**Қош бол, алтын ұя, мектебім**» атты 11-сынып оқушыларына аттестат табыстау кештері өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/Cpe3UbgDEow/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

<https://www.instagram.com/reel/CphI8xajTar/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

20 қараша күні 9-10 сыныптар аралығында «**КТА-2022**» әзіл кеші өткізілді. Оқушыларға көңіл күй сыйлай отырып, тапқырлық, достық қарым-қатынасты жетілдіру, сахна мәдениетін меңгерту.

22 қараша күні 2-4 сынып оқушылары арасында «**Зерде**» зияткерлік ойыны

ұйымдастырылды. Зияткерлік ойын өте әсерлі де, тартысты өтті. Сайыстың мақсаты: оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыра отырып, шығармашылық қиялдарын дамыту.

Кітапханашы Ф.Абенова «Тәуелсіз елдің білімді ұрпағы» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, «**Кітап оқу көшбасшысы**» сайысын өткізді. Сайыста ерекше зеректігімен озып шыққан 9-сынып оқушысы Кенжегалиева Анда «Көшбасшы» атанды. Ақпан айында кітапханашы Ф.Абенова «**Алтын жүрек анамыз**» атты мәнерлеп оқу байқауын ұйымдастырды. Сонымен қатар бастауыш сыныптар арасында «**Өзінді тану-өмірді тану**» атты зияткерлік ойындар ұйымдастырылды. Сәуір айында қауіпсіз интернет атты республикалық акция ұйымдастырылып, акция аясында флешмобтар, сурет көрмелері, «**Интернет орнына кітап**» акциясы, «**Ақиқат**» дебат клубының ұйымдастыруымен «**Қауіпсіз интернет**» пікірсайыс ұйымдастырылды.

10-12 қаңтар күндері 6-11 арасында мектепшілік дебат турнирі өтті.

https://www.instagram.com/reel/Cn4Jut8Dx_r/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

10-қыркүйек күні «Денсаулық фестивалі - 2022» дене шынықтыру пәні мұғалімдері С.Иляев пен М.Писарева ұйымдастыруымен 1-9 сыныптар таңертенгілік жаттығу жасалып, оқушыларымыз жаппай жүгіруге қатысты және эстафеталық ойындар ойнады.

Қазан айында «**Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың кепілі**» атты сынып сағаттары ұйымдастырылды. «**ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес**» атты ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп бейнероликтер көрсетілді. «Мен есірткісіз өмірді таңдаймын!» республикалық челленджге қатысты. Мақсаты: салауаттық өмір салтын насихаттай отырып, табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығымыз денсаулық екенін түсіндіру.

Нашақорлық ғасыр дерті тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Қаңтар айында «**Дұрыс тамақтану болашақ ұлт саулығы**» атты апталық ұйымдастырылып, апталық барысында тағамдардың пайдасы туралы кеңестер беріліп, видеороликтер көрсетіліп, апта бойына ақпараттық бұрыштар ұйымдастырылды. Оқушыларымыздың белсенді кимыл қозғалыстарын дамыту мақсатында үзілістер арасында сергіту жаттығулары жасалып, таза ауада дене шынықтыру жаттығулары өткізілді. «**Балалар өкілдігі**» ұйымдарының ұйымдастыруымен «**Біз нашақорлыққа қарсымыз**» атты бейнероликтер дайындап, желіге жарияланды, Бастауыш сынып оқушыларымен «**Қызықты қыс**» ойындары ұйымдастырылды. Ақпан айында «**Біз нашақорлыққа қарсымыз**» флешмобы, үзіліс уақытында сергіту жаттығулары өткізіліп, учаскелік полиция Н.Азимкулов «**Абайландар балалар**» атты жолда жүру бойынша түсінік жұмыстары өткізілді. 14 мамыр күні салауатты өмір салтын ұстау бағытында айында денсаулық күні аталып өтіп балалармен таза ауада түрлі ойын жаттығулар ұйымдастырылды, Мамыр айында оқушыларға жазғы демалыс кезіндегі судағы, жолдағы қауіпсіздік ережелері таныстырылды.

2022–2023 оқу жылында мектебімізде 5-11 сынып білім алушылар арасында «Болашақвы» дебат клубының жоспары жасақталып, бекітілген.

Өскелең ұрпақты демократиялық қоғамда өмір сүруге үйрету, азаматтық белсенділік күзіреттілікті қалыптастыру, сыни ойлау жалпы және құқықтық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету, жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында мектепшілік бұйрық негізінде мектепте 5-10 сынып білім алушылары арасында «Болашақвы» дебаттық клубы жұмысын жалғастырды. Мектептің «Болашақвы» дебаттық клубының жетекшісі болып ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ж.Турсунбекова бекітілген.

<https://www.instagram.com/reel/CoC72ECjFeg/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының игеру;

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының іске асыру жұмысы қаралды. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 1-параграф 56-тармағына, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылады. Мектепте «Өмір қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курсы 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәні шеңберінде толық қамтылған, 5-9 сыныптарда дене шынықтыру пәнінің аясында толық іске асырылғаны анықталды.

<https://www.instagram.com/reel/CnjRKXKDgk4/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YQ==>

"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсының іске асыру;

Осы өлшемшарт бойынша 2020-2023 жылдар аралығында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру жұмысы қаралды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-9 сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен іске асырылуы керек. Бұл міндетті оқу курсы мектепте әр сыныпта 1 сағаттан көрсетілген.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

М.Ускенбаев